

Денсаулық сақтау саласындағы мейіргер ісі мамандарын даярлау  
бағдарламалары бойынша

ЖБТ отырысының  
№ 7 ХАТТАМАСЫ

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ

22.05.2025 ж.

Төраға: Оспанова Д.А.

Төрағаның орынбасары: Сейдахметова А.А.

Хатшы: Седач Н.Н.

Қатысқандардың жалпы саны – 31

**Қатысқандар:** Үш комитеттің өкілдері: 1) мейіргерлік істі дамыту және қолдау; 2) институционалдық әлеуетті және көшбасшылық дағдыларды нығайту; 3) мейіргерлік істегі ғылыми зерттеулер

### КҮН ТӘРТІБІ

Қосымша мамандықтарды, атап айтқанда «Реабилитациялық мейіргер» және «Физикалық медицина және оңалтудағы мейіргерлік іс», «Мейіргерлік істегі эрготерапия», «Мейіргерлік істегі кинезиотерапия» мамандықтарын келесі бұйрықтарға енгізу қажеттілігі туралы: МЗ РК от 30 ноября 2020 года № ҚР ДСМ-218/2020 «Об утверждении перечня специальностей и специализаций, подлежащих сертификации специалистов в области здравоохранения», Приказ МЗ РК от 21 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-305/2020 «Об утверждении номенклатуры специальностей и специализаций в области здравоохранения, номенклатуры и квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения», приказ МЗ РК от 24.08.2021г. №ҚР ДСМ-90 «Об утверждении Правил оказания первичной медико-санитарной помощи», приказ МЗ РК от 23.10.2020г. №ҚР ДСМ-149/2020 «Об утверждении правил организации оказания медицинской помощи лицам с хроническими заболеваниями, периодичности и сроков наблюдения, обязательного минимума и кратности диагностических исследований».

Бұл мәселеге «Инсультті басқару» жобасының жетекшісі, «ҚМУ» КеАҚ мейіргерлік білім беру мектебінің профессоры Тогжан Тохтаровна Киспаева бастамашылық етті. (Т.Т. Киспаеваның хаты қоса беріледі).

Осы мәселе бойынша төраға Д.А. Оспанова сөз сөйледі Динара Алмахановна Т. Киспаеваның өтінішін оқып, осы өтініштің себебін атап өтті. Киспаева Т.Т. қатысушылардың назарына аталған мәселе бойынша презентация ұсынды.

Талқылауға Н.Н. Иванченко, Р.К. Алексеева, М.Х. Максудова, А.Э. Игликова, А.Р. Айтмагамбетов, Ж.М. Махмудова қатысты.

Пікірсайысқа қатысушылардың пікірі:

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге (НҚА) сәйкес, 2022 жылғы 16 ақпанда № 6В10100082 тіркеу нөмірімен Тізілімде тіркелген 6В10121 – «Реабилитологиядағы мейіргер ісі» (академиялық бакалавриат) білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге «Реабилитологиядағы мейіргер ісі» мамандығын көрсете отырып диплом беруге негіздер жоқ. Себебі аталған білім беру бағдарламасы «Мейіргер ісі» классикалық білім беру бағдарламасына толық сәйкес келеді. Реабилитология бойынша пәндер білім беру траекториялары (minor және major) шеңберінде іске асырылады және жеке мамандық ретінде қалыптаспайды.

Алайда, денсаулық сақтау жүйесінің өзекті міндеттерін және медициналық оңалту мамандарының тапшылығын ескере отырып, нормативтік базаға толықтырулар енгізген жөн.

Атап айтқанда, ұсынылады:

- Оңалту бағыты бойынша лауазым 2-тарауға енгізілсін «Номенклатуры должностей работников здравоохранения» Приказа МЗ РК от 21 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-305/2020 «Об утверждении номенклатуры специальностей и специализаций в области здравоохранения, номенклатуры и квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения»;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар мамандандырулар тізбесіне жаңа ұстаным қосу: «Оңалтудағы мейіргер ісі».

Осы лауазым мен мамандандыруды енгізу оңалту саласындағы кадрлар тапшылығын жүйелі түрде жабуды қамтамасыз етуге, мобильділігі төмен пациенттер үшін білікті көмектің қолжетімділігін арттыруға және медициналық оңалту кезеңдерін практикада іске асыру үшін тұрақты кадр базасын құруға мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныс үшін барлық қатысушылар бірауыздан дауыс берді.

Қаулы етті: осы ұсыныспен Т.Т. Киспаева Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, ҚР ДСМ жанындағы Еуразиялық медициналық қауымдастықтың мейіргер ісі жөніндегі үйлестіру кеңесіне, «ПАРЫЗ» мейіргер ісі мамандары РҚБ-не жүгіну қажет.

Төраға  
Хатшы



Д.А. Оспанова  
Н.Н. Седач